

6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD докторы
дәрежесін алуға ұсынылған

«Қатерлі ісіктері бар пациенттерге медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету негіздерінің әдіснамасы»
тақырыбындағы Тұрмаханбетов Бекзат Маратұлының диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшемшарттар	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызып көрсетіңіз)	Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеу (ескертулер курсивпен белгіленсін)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылымтехникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыты – «Өмір және денсаулық туралы ғылым» бағытына сәйкес орындалған.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған.</u>	Зерттеу жұмысы қатерлі ісікке шалдыққан науқастарға көрсетілетін медициналық көмек сапасын жетілдіруге бағытталған. Республика деңгейінде алғаш рет медициналық көмектің сапасына, медициналық қызметтерді стратегиялық сатып алушы Қордың мониторинг жүйесі бойынша талдау жасалынып, оның қорытындысы бойынша жаңа мониторингтік жүйе ұсынылған. Бұл жүйенің жаңашылдығы экскерриториалды

			мониторинг пен апелляциялық қарастыруды қамтиды.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Ізденуші диссертациялық жұмысты орындау барысында ғылыми зерттеуді жүргізудің барлық кезеңдерінде жоғары деңгейдегі дербестік пен ғылыми ізденімпаздық танытқан. Зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздеп, мақсат-міндеттерін нақты айқындап, зерттеу дизайнын қалыптастырған және оны дәйекті түрде жүзеге асырған. Диссертация аясында ізденуші қатерлі ісіктері бар пациенттерге медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету мәселелеріне кешенді талдау жүргізіп, эпидемиологиялық, ұйымдастырушылық және статистикалық материалдарды жинақтап, оңдеп, ғылыми тұрғыдан саралаған. Қолданылған зерттеу әдістері қойылған мақсат пен міндеттерге толық сәйкес келеді, ал алынған нәтижелердің ғылыми негізділігі жеткілікті деңгейде дәлелденген.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Қазіргі таңда қатерлі ісіктердің сырқаттанушылық деңгейінің өсуі, онкологиялық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттырудың мемлекеттік денсаулық сақтау саясатының басым бағыттарының бірі болуы зерттеу тақырыбының маңыздылығын айқындайды. Ізденуші диссертацияда қатерлі ісіктері бар пациенттерге медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету мәселесін ғылыми және практикалық тұрғыдан жан-жақты негіздеп, қолданыстағы ұйымдастырушылық тәсілдердің өзекті проблемаларын анықтаған. Ізденуші Тұрмаханбетов Бекзат Маратұлының диссертациялық жұмысының құрылымы, мазмұны зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Жұмыста қатерлі ісіктері бар пациенттерге медициналық көмектің сапасын қамтамасыз етудің теориялық, ұйымдастырушылық және әдіснамалық аспектілері

		кешенді түрде қарастырылған. Әрбір бөлім зерттеу тақырыбын кезең-кезеңімен ашып, медициналық көмектің сапасын бағалау мен қамтамасыз етуге қатысты мәселелерді ғылыми тұрғыдан негіздеуге бағытталған.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен қойылған міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты «Қатерлі ісіктері бар науқастарға көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен көлемін бағалаудың әдістемелік алгоритмдерін әзірлеу негізінде онкологиялық көмек сапасын басқару жүйесін жетілдіру» жұмыстың негізгі ғылыми бағытын нақты айқындайды. Қойылған ғылыми міндеттер зерттеу мақсатына қол жеткізуге бағытталған. Диссертацияда эпидемиологиялық жағдайды бағалау, онкологиялық көмекті ұйымдастыру жүйесін талдау, медициналық көмектің сапасын бағалау, көрсетілетін көмектегі кемшіліктерді анықтау және оларды жетілдіруге бағытталған әдіснамалық ұсынымдарды әзірлеу сияқты міндеттер жүйелі түрде орындалған.
	4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың құрылымы ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес жүйелі түрде құрылған. Кіріспеде зерттеудің өзектілігі, мақсаты, міндеттері, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы негізделген. Әдебиеттерге шолу бөлімінде зерттеу мәселесінің қазіргі жай-күйі талданып, кейінгі тарауларда қолданылған әдістер, алынған нәтижелер және оларды ғылыми талдау қисынды сабақтастықпен берілген. Диссертацияның әрбір бөлімі алдыңғы тарауда алынған тұжырымдарды толықтырып, зерттеудің негізгі мақсатына қол жеткізуге бағытталған. Зерттеу нәтижелері негізінде ұсынылған медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету әдіснамасы жұмыстың қорытындыларымен және

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (кағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	практикалық ұсынымдарымен толық үйлесім тапқан. PhD докторант Тұрмаханбетов Б.М. ұсынған онкологиялық көмек сапасына мониторинг жүргізудің жаңа әдістрі мен әдіснамалық шешімдер жеткілікті дәрежеде негізделген және бұрыннан белгілі ғылыми тұжырымдармен салыстырмалы түрде сыни бағаланған. Диссертацияда отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жан-жақты талдау жүргізіліп, онкологиялық көмектің сапасын қамтамасыз ету саласындағы қолданыстағы тәсілдердің артықшылықтары мен шектеулері көрсетілген. Мысалы, карталық мониторингі жүйесінен «емдеу қорытындысына бағытталған» мониторинг жүйелеріне өту туралы сыни талдаулар келтірілген.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25%-дан кем). 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер алғаш рет экстерриториалды мониторинг жүйесін, онкологиялық көмектің сапасы мен көлемін кешенді бағалауды және нозологиялық формалар бойынша мониторингтің әдіснамалық алгоритмдерін әзірлеу арқылы ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысының қорытындылары жүргізілген зерттеудің нәтижелеріне негізделген, ғылыми тұрғыдан дәлелденген және қатерлі ісіктері бар пациенттерге медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету жүйесін жетілдіруге бағытталған жаңа тұжырымдарды қамтиды. Диссертациялық жұмыста ұсынылған басқарушылық және әдіснамалық шешімдер ғылыми тұрғыдан негізделген, практикалық маңызға ие және медициналық көмектің сапасы мен көлемін мониторингтеу жүйесін жетілдіруге бағытталған.

6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнер мен гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияның барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан жеткілікті дәлелдемелерге негізделген. Автордың қорытындылары жүргізілген зерттеу нәтижелеріне, статистикалық талдауға, медициналық көмектің сапасы мен көлемін мониторингтеу деректеріне және оларды ғылыми талдауға сүйенеді. Қорытындылар зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді және жеткілікті дәрежеде негізделген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді. 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 3) бұл тұжырымның ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің	7.1. Медициналық көмектің сапасы мен көлемінің ақауларына жүргізілген кешенді талдау нәтижелерімен дәлелденген. Зерттеу барысында ақаулардың құрылымы мен негізгі себептері, олардың медициналық ұйымдар, ішкі аудит және сыртқы сараптама деңгейлеріндегі қайталану заңдылықтары анықталған. Медициналық көмектегі ақаулардың қалыптасу себептеріне кешенді ұйымдастырушылық талдау алғаш рет жүргізілген. Ережелер жаңа болып табылады және онкологиялық көмектің сапасын басқару жүйесінде кеңінен қолданылады. 7.2. Қағида медициналық көмектің сапасы мен көлемін мониторингтеудің әзірленген моделін апробациялау нәтижелерімен дәлелденген. Ұсынылған модель сараптамалық процестерді алгоритмдеу арқылы мониторингтің объективтілігі мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қағида тривиалды емес, себебі мониторингтің экстерриториалды тәсілге негізделген жаңа ұйымдастырушылық моделі алғаш рет ұсынылған. 7.3. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді. Диссертацияда алғаш рет экстерриториалды тәсілге негізделген медициналық көмектің сапасы мен көлемін мониторингтеу жүйесі ұсынылған, онкологиялық көмектің ұйымдастырушылық құрылымы мен

		қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	сапасына кешенді бағалау жүргізілген және нозологиялық формалар бойынша мониторингтің әдіснамалық алгоритмдері әзірленген. 7.4. Ұсынылған қағидалар денсаулық сақтауды басқару органдарының, медициналық ұйымдардың, ішкі аудит қызметтерінің және медициналық көмектің сапасына сыртқы сараптама жүргізетін ұйымдардың практикалық қызметінде қолданылады. 7.5. Қорғауға ұсынылған қағидалардың негізгі нәтижелері диссертация тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалаларда, оның ішінде Scopus дерекқорында индекстелетін халықаралық ғылыми басылымда және ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда жарияланған.
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдау - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ. 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ. 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар	Зерттеу әдістемесі диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Қолданылған медициналық-статистикалық, аналитикалық, социологиялық және сараптамалық әдістердің таңдалуы ғылыми тұрғыдан негізделген және диссертацияда толық сипатталған. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Зерттеу нәтижелері заманауи статистикалық өңдеу әдістерін, компьютерлік технологияларды және медициналық-статистикалық деректерді талдау тәсілдерін қолдану арқылы алынған, бұл нәтижелердің объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Диссертацияда ұсынылған қорытындылар мен әдіснамалық модельдер жүргізілген зерттеу нәтижелерімен, статистикалық талдаумен және

9	Тәжірибелік құндылық принципі	бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	практикалық апробациямен расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста ұсынылған негізгі тұжырымдар отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге, халықаралық ұсынымдарға және нормативтік құжаттарға жасалған өзекті сілтемелермен негізделген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Ізденуші зерттеу жұмысында 1997-2025 жылдар аралығында жарияланған 172 ғылыми дереккөз пайдаланылған. Әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді, отандық және шетелдік ғылыми жарияланымдарды, халықаралық дерекқорларда индекстелетін мақалаларды, сондай-ақ қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттарды қамтиды.
		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Қатерлі ісіктері бар пациенттерге медициналық көмектің сапасын қамтамасыз етудің ғылыми-әдіснамалық негіздері жетілдіріліп, медициналық көмектің сапасы мен көлемін бағалау және мониторингтеу бойынша жаңа әдіснамалық тәсілдер ұсынылған. Зерттеу нәтижелері медициналық көмектің сапасын басқару саласындағы ғылыми білімді толықтырады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Зерттеу нәтижелері медициналық ұйымдардың, денсаулық сақтауды басқару органдарының, ішкі аудит қызметтерінің және медициналық көмектің сапасына сыртқы мониторинг жүргізетін ұйымдардың практикалық қызметінде қолданылуы мүмкін. Ұсынылған алгоритмдер медициналық көмектің сапасын бағалаудың объективтілігін арттыруға және басқарушылық шешімдердің тиімділігін жақсартуға мүмкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертацияда медициналық көмектің сапасы мен көлемін мониторингтеудің нозологиялық

		1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	ерекшеліктерге негізделген әдіснамалық алгоритмдері, сапаны бағалау критерийлері және оларды медициналық ақпараттық жүйелерге енгізуге бағытталған практикалық ұсынымдар алғаш рет әзірленген.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация ғылыми стильде жазылған, материалдың баяндалу логикасы сақталған, ғылыми терминология бірізді қолданылған. Жұмыстың құрылымы жүйелі, бөлімдер арасында логикалық сабақтастық қамтамасыз етілген. Тұжырымдар мен қорытындылар нақты тұжырымдалған, мәтін академиялық жазу талаптарына сәйкес келеді.
11	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын жоғары бағалай отырып, оның нәтижелерін одан әрі дамытуға бағытталған келесі ұсынымдарды келтіруге болады. Болашақта ұсынылған медициналық көмектің сапасы мен көлемін мониторингтеу әдіснамасын Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде апробациялау және оның әртүрлі деңгейдегі медициналық ұйымдардағы тиімділігін салыстырмалы бағалау орынды деп есептеймін. Сонымен қатар, әзірленген алгоритмдерді медициналық ақпараттық жүйелермен толық интеграциялау және тәуекелге бағдарланған мониторинг құралдарымен толықтыру олардың практикалық құндылығын арттыра түседі. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін онкологиялық аурулармен шектемей, әлеуметтік маңызы бар басқа да аурулар бойынша медициналық көмектің сапасын бағалау жүйесіне бейімдеу перспективалы ғылыми бағыт болып табылады. Жоғарыда келтірілген ұсынымдар консультативтік сипатқа ие және диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығы мен практикалық маңыздылығын төмендетпейді.	
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми	Диссертация ғылыми мақалалар сериясы нысанында емес, дәстүрлі диссертациялық жұмыс түрінде орындалғандықтан, осы тармақ бойынша бағалау жүргізілмейді.	

13	деңгейін зерделейді) Ресми рецензенттің шешімі	Тұрмаханбетов Бекзат Маратұлының «Қатерлі ісіктері бар пациенттерге медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету негіздерінің әдіснамасы» диссертациялық жұмысы тақырыбында орындалған және аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Өзектілігі, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы бойынша диссертация Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің ғылыми дәрежелерді беру қағидаларында белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді. Жоғарыда баяндалғанның негізінде, 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша Тұрмаханбетов Бекзат Маратұлына философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешім қабылдауды қолдаймын.
----	--	---

Рецензент
медицина ғылымдарының докторы,
профессор, Ұлттық ғылыми онкология орталығы
(Астана қ., Қазақстан)



Адылханов Т.А.